

А И Қ Ы Н

Біз ҚазПИ-де оқыдық...



ҚазПИ-дің филология факультетінде оқытындардың басым көпшілігі қыздар болып келеді. Қазір қалайын қайдам, баяғыда солай еді. Бір курста жігіттер ең көп дегенде он саусақтан аса қоймайтын.

Біз өзіміз оқуға түскен 1983 жылы қазақ бөлімінде елу қыздың ішінде төрт-ақ жігіт болдық, орыс-қазақ бөлімінде де сол шамалас, орыс бөлімінде одан да аз. Қазақ бөліміндегі төрт жігіттің бірі біздің кейіпкеріміз – Шымкент облысының Түлкібас ауданынан онжылдықты бітіре сала оқуға түскен Дихан Мыңбаев (қазір Қамзабекұлы) еді.

Бізге ҚазПИ-де қазақ әдебиетінен мынау деген ұстаздар дәріс берді. Аспайтын да саспайтын Серік Қирабаев, сырбаз да сарабал Нығмет Ғабдуллин, Мағжан өлеңдерін жатқа айтатын Төкен Әбдірахманов, «қаһарлы Грозный патшадайын» Немат Келімбетов, «сылтып басып, жалғандықпен мылтықтасып» жүретін Серік Мақпыров, Бейімбеттің «Мырқымбайын» мың түрлентіп оқытын Тұрсын Сыдықов, «әдебиеттің өз ішінен келген» Теңізбай Рахымжанов, «Абай жолынан» тұтас абзацтарды түйдек-түйдегімен жатқа соғатын Мереке Жаманов, сыпайы ғана жүретін жалғыз апай Өжікен Тыныбаева... Айтқандайын, қазіргі қоғам қайраткері Жасарал Қуанышәлин де сабақ жүргізетін. Қазақ тіл білімінен мүйізі қарағайдай Фатима Мұсабекова, Күлтай Бейсенбаева, Секерхан Хасанова, Асхат Әбілқайев, Ғабдолла Қалиев, неологизмтанушы Шәмшиябану Бәйткіова, кейінірек – аты елеулі Сейілбек Исаев, Нұржамал Оралбаева, доцент Бердібай Шалабаев, ара-арасында ол кезде аспирант (кейін қоғам қайраткері) Дос Көшімов пен жас оқытушы Гүлбану Қосымова дәріс берді. Осы ұстаздарымыздың ішінде профессор Фатима Мұсабекова өте адуынды адам еді. «Әуезов болам дей ме екен, Әуезовке еліктейді өзі» деп, сырбаз да сыпайы Нығмет Ғабдуллин ұстазымыз-дың өзін сыртынан бір тұқыртып қоятын. «Мұртты жігіт, құртты жігіт» деп, иегінде қыл-қыбыры бар студенттерге «құрт ана жүн-жүрканды!» деп қырғидай тиіп, аудиториядан түре қуып шығатын. Фатима апай сол кезде жасы қырықтың ішіне кірген атақты жазушы Мұхтар Мағауиннің өзіне ұзынша етіп қойған желке шашына бола қарадай тиісіп отырады деп еститінбіз. Өкінішке қарай, дәл біз оқуға түскен жылы Мұхтар Мағауин педагогтік жұмысын доғарған екен.

Секерхан Хасанова апайымыз бірінші курста араб графикасына негізделген қазақ әліпбиінен сабақ берді. Халқымыз бұл әліпбиді ХХ ғасырдың 30-жылдарына дейін пайдаланыпты. Кейін білсек, біздің оқығанымыз Ахмет Байтұрсынұлы реттеген «төте жазу» екен. Ахаң бастаған Алаш арыстарының ол кезде ақталмаған кезі. Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романынан Ахаңның атын ғана білетініміз болмаса, затын ешкім білмейді. Ұстаздарымыз біліп тұрса да айтпайды. Тек доцент Төкен Әбдірахманов қана дәріс арасында Мағжанның сыршыл өлеңдерінен сыр ұштығын шығарып қоятын. Айтайын дегенім, Дихан осы Секерхан апай дәріс беретін «төте жазуға» ерекше құлшыныспен ден қойды. Бұл пән бірінші курста ғана өтеді екен, кейін үйренген төтешемізді ұмытып қалдық. Ал Дихан сол кезде-ақ ескі мұраға есі ауарын білгендей көне әліпбиге көп қадалатын. Секерхан апай сепкен дән кейін оның өмірінің мәніне айналды. Оның институтты бітірген кезі Алаш арыстарының ақталған тұсымен тұспа-тұс келді. Сөйтіп, ол араб харпімен тасқа басылған Алаш арыстарының еңбектерін зерттеуге құлшына кірісіп, ғылым жолына түсті. Осылайша, ол ғылымға төтеннен емес, төтешеден келген. Қиындығы да, қызығы да мол студенттік жылдарға қайта оралсам, Алматының О.Жандосов пен «Правда» (қазіргі Алтынсарин) көшелерінің қиылысындағы ҚазПИ-дің №6 жатақханасында тұрамыз. Екінші курста Дихан әскерге кеткенше сондағы № 209 бөлмеде тұрып, қара нанды бірге бөліп жедік. Сабаққа барарда-қайтарда әбден жауыр қылып, ығыр болған көлігіміз – № 66-сары «гармошка» автобус. Комсомол мен Карл Маркс (қазіргі Төле би мен Д.Қонаев) көшесінің қиылысындағы филфак орналасқан оқу орнына созалаңдап жеткенше бір сағатқа жуық уақыт кетеді.

Ол заманда қызығы да, шыжығы да жетерлік жатақханада әскердегідей «дедовщина» бар. Болашақ мұғалімдердің арасында да сотқарлар табылады. Содан қашқалақтады ма, қазақ, орыс бөлімі бар, бірінші курсқа түскен жігіттердің бәрі пәтерге шығып кетті. Бірінші курстан ақтөбелік Басқар деген жігіт пен Дихан үшеуіміз ғана жатақханада қалып, бір бөлмеге орналастық. Пәтерге шығып кеткендердің бірі жатаққа келгенде жоғары курстан таяқ жеп, шалбарының ышқырын байлауға шамасы келмей, кең балақ түрсіімен далақтап қашып, қыздардың қыран-топан күлкісіне қалғаны бар. Ал шағын бойлы, жұқалтаң келген Диханның сыртына теуіп тұрған тектілігі, бойынан білінетін білімділігі, бала болса да байыптылығы талайдың мысын басып тастайтын. Ит-жыны барлардың өзі оның иманды жүзінен именетін болса керек. Дихан мен Басқар – мектеп партасынан шыға сала оқуға түскен сарыауыздар да, мен әскерден келген соң Жаңатаста қара жұмыс істеп, орыс-қазағы аралас жұмысшы ортадан келгенмін. Абитуриент кезінде балмұздақ жегендердің емес, сыра сіміргендердің сортынанмын. Дихан мен Басқар мен секілді «бұзылмаған». Қақ-соқпен жұмысы жоқ, тура барып, тіке қайтады. Тәртіпті. Қашан болсын қолдарынан кітап түспейді. Сабақтан соң көбіне бірігіп кітапханаға тартады. Бөлмені кезекпе-кезек тап-тұйнақтай етіп ұстайды. Ал біз ол кезде талай ортаның жаман жақтарын, зиянды әдеттерді бойымызға сіңіргенбіз. Екеуін баласынып, айтқан ақылдарын құлағыма қыстырмайтын болсам керек. Керісінше, бөлменің астан-кестенін шығарып, құлақ еттерін жеп, тыныш жатқан екеудің мазасын қашыратын кездерім ұшырасса керек. Талай жылдардан соң Диханның «Бірде өзіңнен әбден мезі болған Басқар екеуіміз саған жабылмақ болдық, бірақ әліміз келмей қала ма деп қорықтық» деп сыр ашқаны бар. Дыхан екеуіміз ілуде кездесе қалғанда сол бір студенттік шақтарды сағына еске алсақ, әңгімеміз әдетте былайша өрбиді. Менің оны білетінім, оның мені білетінінің ширегіне де жетпейді-ау. Дихан ондайда бірінші болып сөз бастайды:

– Жатақхана түбінен бөтелке жинайтын қауға сақал орысты көріп: «Лев Николаевич Толстой, ты что делаешь? Ты – патриарх! Пусть пустых бутылок собирают пустые люди» деп айкайлаушы едің ғой «бозаның» буымен.

– Түһ, сен де қайдағы-жайдағыны ұмытпайды екенсің. Сен осыны айтпасаң, есіме де түспес еді...

– Сен 1-курста ылғи автобустан адасатынсың. Азанда барлық студент жоғары жаққа қарай (институтқа қарай) мінсе, сен төмен қарай – қаланың шетіне қарай жүретін көлікке отыратынсың.

– Дыха-ау, отыз жыл бұрынғыны ұмытпапсың ғой.

– Төке, Береговой көшесінің бойындағы 74 тиын тұратын лапша есінде ме? – дейді ол тағы да. – Сен сол жерге кіргенде, шыққанда көзілдірігіңді төмен басып, ыңылдап бірдеңе дейтінсің. Арық-тұрақ болсаң да, рухани қуатты едің. Арақ сені ешқашан жеңе алған жоқ. Бірақ темекіні қатырып тартатынсың. 50 қызды бәсекелестіріп қойған «Қызыл етік» өлеңіңді ұмытамыз ба?..

ҚазПИ-де оқып жүргенде:

Досым-ай, жазшы өленді,

Үгітпен емес, үмітпен.

Өлеңің дәйім тұрсыншы,

Жұлдыздар ұқсап үріккен...

Жұлдыздар ұқсап үріккен,

Тұрсыншы көктен сыр айтып.

Жалықтым сұлу өлеңнен,

Сұлу сөздерден біріккен, –

деуші едің.

Кейде шашың ұйпа-тұйпа болып, кеңестік кердең өмірге лағынет айтып:

Шоғында жанып темекінің маздаған,

Күндерім өтіп барады еріккен.

О, Муза, сенен жеріп пе ем?.. –

деп, өз-өзіңе келетінсің... – дейді ол тағы да.

Өзімнің де есімнен тарс шығып, баяғыда ұмытып кеткен өлеңдерімді еліміздегі маңдайалды оқу орнының проректоры Дихан Қамзабекбаласының аузынан қайта естігеніме рахаттанып, жадының соншалықты мықтылығына таңғаламын. Нағыз ғалымның ғана жады осындай ұшқыр, зердесі зерек болса керек-ті. Ол кезде Дихан екі езуі жиылмайтын, өзі айтып, өзі күлетін ақсары бозбала еді. Жайшылықтың өзінде аузы ашылып, аттың тісіндей күрек тістері ақсиып алдына шығып тұратын. «Армияға барсаң, алдымен тісі сынатын сен боласың. Мына тісің жұдырыққа өзі тіленіп тұр ғой» деймін мен. Екінші курстың күзінде Дихан екі жылдық әскери борышын өтеуге аттанған. Самарадан оқалы түйме тағып оралғанында: «Төке-ау, сен тісімнің әскерде сынатынын дәл болжаған екенсің. Бірақ біреу ұрып сындырмады, жазатайым құлап сындырып алдым» деп еді баяғыны есіме салып... Әскер демекші, сол екі жылдық әскери борышын өтегені Диханға құт болды-ау деймін. Неге дейсіз бе? Егер әскерге бар-май 1987 жылы оқуды бітіргенде, қарапайым әрі көпбалалы отбасынан шыққан Диханның өмірі басқаша өріліп, тіпті көп курстастарымен бірге жолдамамен алыс ауылдардың біріне мектеп мұғалімі болып кетуі де әбден мүмкінді. Ол кезде филфактағы оқу төрт жылдық еді де, кейін бес жылдыққа айналып, Диханның оқу бітірген кезі Алаш зиялылары ақталып жатқан мезгілге тұспа-тұс келді де, уақыттың өзі оны алаштанушылық жолға бұрды. Сірә, Жаратушы жақсы көретін құлдарының жолын осылай оң жағынан орайластырып қоятын болса керек.

Не керек, студенттің боқшасын тастап, екі жыл солдаттың керзі етігін киген Дихан 1986 жылдың күзінде әскерден келгенде, біздің бітіріп қалған оқуымыз орта жолдан үзіліп, амалсыздан ауылға жиналып жатқанбыз. Сондықтан Диханның кейінгі студенттік жылдарын қалай өткізгенін тап басып айта алмаймыз. Ол – Алматыда, біз – ауылда. Әйтеуір оқуын бітіре сала ғылым жолына түскенін, кандидаттық диссертация қорғағанын, Мәскеу, Петербор, Қазан, Уфа, Орынбор, Омбы, Ташкент мұрағаттарын тынбай адақтап, «ақтандық» тұлғаларға қатысты небір тың дерек, құнды мәліметтер тапқанынан мерзімді баспасөз арқылы хабардар едік. «Ана тілі», «Жас алаш», «Қазақ елі» газеттерінен, «Жұлдыз», «Жалын», «Ақиқат» журналдарынан ойлы мақалаларын оқыған сайын марқайып қалатынбыз. Әлі Астана болмай тұрғанда-ақ Ақмолаға қоныс аударып, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия университеті қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі болып қызметке тұрғанын да естіп-білдік. Қоғамның бір формациядан екінші формацияға

ауысқан аласапыран кезеңінде Диханмен бет көрісу тұрмақ телефонмен тілдеспегенімізге бақандай он жыл өте шыққан екен. Соңғы рет Кеңес Одағының дүрілдеп тұрған шағында жолыққан біздер, одан кейін 1998 жылдың сәуір айында егемен еліміздің жаңа астанасы – Ақмола (Астана атауы сол жылы 6 мамырда берілді) қаласында бір-ақ ұшырастық. Оның жайы былай болған еді.

Ауылдың жағдайы мүшкілдене бастаған 1991 жылы Созақ ауданынан Жаңатас қаласына қоныс аударғанмын. Жамбыл облысына қарағанмен Жаңатас Шолаққорғаннан жүз шақырымдай жерде ғана. Қаратау тау-кен басқармасы жанынан шығатын «Қаратау кеншісі» – «Горняк Каратау» деген өндірістік газетте тілшімін. Газет шығару үшін апта сайын Тараз қаласына шапқылаймыз. Басылған газетті Қаратау мен Жаңатас қалаларына таратамыз. Сол Жаңатаста жүріп 1997 жылы пышақтың қырындай тұңғыш жыр жинағымды Алматыдан шығардым. Кітабым шыққан соң кеудеме көкжелік кірді. Бір күні аяқастынан ойым бұзылды. Есіл-дертім – Астана (ол кезде Ақмола). Жаңа ғана елордасы болып жатқан қала, тұяғымды тезірек іліктіріп кетсем деймін. Отбасымды артынан алдырмақпын. Өз-өзіме өте сенімдімін. Сөйтіп, 1998 жылы 1 сәуірде жұмыстан өз еркіммен босап, ұжыммен қоштасып, асқақ арманмен, асау романтикамен Ақмолаға жалғыз тартып отырдым. Бұрын көрмеген, баспаған жерім. Пойыздан түсіп, жалдамалы пәтерге уақытша тұрақтаған соң, көп жылдар көріспеген Диханды іздестірдім. Еуразия университетінен мекенжайын анықтап алып (ол кезде пәтерінде телефон жоқ), тіке Мағжан Жұмабаев көшесіндегі профессорлар үйіне тарттым. Қай қабат екені есімде жоқ, қонырауын басқаным сол, есікті өзі ашты. Сәл толысқаны болмаса, сол баяғы студент кездегі Дихан, тура менің іздеп келетінімді білгендей риясыз ыржияды. Арғы жақтан жарының, балашағасының бастары қылтияды.

Сол күні қона жатып, таң атқанша әңгімеміз таусылмады. Диханның «біздің үйде тұра бер» деген қолқасына қарамай, жатақханаға шықпақ болдым. Оның реті тез келді. Комендантпен келісіп, тура үйінің қасындағы университетке қарасты жатақханадан бір бөлме алып берді. Су тегін. Жаңадан ашылған «Ақмола ақшамы» газетінің жан-жақтан жасақталған тілшілері – жас шамамыз қатар Талғат Батырхан, Бекен Қайрат, Айтқадыр Тілеуов, жас журналист Амангелді Қияс осы жатақханада тұрады екен. Менің де аталған қалалық газетке қызметке тұрып қалудан дәмем зор.

Сөйтсем, асты-үстіне түсіп жатқан Ақмоланың мен түгілі, мынау деген дөкейлеріңе де қарайтын мұршасы жоқ екен. Жаңадан ашылып, енді құрылып жатқан газет редакциясы тілшілік қызметке қабылдамады. «Астана ақшамы» газетінің бас редакторы дәмелендіріп, бақандай екі ай сарсытып күттіріп қойды. Ақыры айтқан сылтауы – «Алматыдан біреуді күтіп отырмын!». Ол күткен адамы бәрібір келген жоқ. Дихан мені сүйрегендей болып талай шенді мен шекпендінің алдына апарады. Олардың біреуі шіренеді, біреуі ернін шүйіреді, біреуі кейінге шегереді.

Сондай сүреңсіз күндердің бірінде мынадай алдымен шыжық, артынан қызық болды. Еуразия университеті жанындағы аялдамада қатты ойланып кетсем керек, келіп қалған автобуска атып тұрып міне салғам. Үш-төрт аялдама жүргеннен кейін қарасам, қолымнан тастамайтын барсеткам жоқ. Зәрем зәр түбіне кетті. Бүкіл құжаттарым: еңбек кітапшам, дипломым, төлқұжатым, қысқасы, не керектің бәрі соның ішінде. Аялдамада қасыма қоя салып, ұмытып кеткенім анық. Автобустан атып түсіп, такси ұстай сап әлгі отырған жеріме жетіп келсем, барсетка тұрмақ бәле де жоқ. Ары-бері қараймын, көрдім-білдім дейтін тірі жан жоқ. Дереу Диханға бардым. Оның да өң-түсі қашып кетті. Бірге жүгіріп жүріп, кешке дейін қалалық газетке, жергілікті телевидениеге хабарландыру бергізді, радиодан сұрау салғызды.

Бір күннің ішінде ине жұтқан иттей арып сала бердім. Ауылдан аттанғалы ай жарымнан асқаны, жұмыстың табылмағаны мынаның қасында түк болмай қалды. Әсіресе, әрең қолым жеткен дипломды Алматыға барып орнына келтіруді ойласам, ішегім түйнеп-түйнеп кетеді. Жатақханада әрнені ойлап, екі бүктетіліп жатсам, екі езуі екі құлағында, Дихан келіп тұр...

Сөйтсем, барсеткам бір оқушы баланың көзіне түсіп, ол оны «не де болса» үйіне алып барып, шешесіне көрсеткен. Еуразия университетінде қазақ әдебиетінен сабақ беретін келіншек құжаттағы суретке қараса... кеше ғана кафедра меңгерушісі Дихан Қамзабекұлы ертіп келіп таныстырған маған ұқсайды, аты-жөнім де келіп тұр. Дереу бастығына хабарласқан. Ол маған қарай жүгірген. Екеуміз әлгі баланың үйіне қарай ұштық. Мұндай да ғажайып болады екен. Сондағы қуанғанымды тілмен айтып жеткізе алмаймын (Батамызды үйіп-төккен сол бозбала кейін МГУ-ді бітіріпті...). Астанада қайтсем де тұрақтап қалсам деген арманым орындалмады. Қазақ ұлттық музыка академиясының ректоры Айман Мұсақожаева қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы етіп қабылдамақ болды. Бірақ ол үшін сабақ басталатын күзді күтуім керек. Қысқасы, мені Астананың емес, Алматының дәм-тұзы тартып тұр екен. Екі жарым ай дегенде шілдеде ауылға қайттым.

Одан бері өткен уақыт он сегіз жылға аяқ басыпты. Сондағы қара балшығы қоныштан келетін Астана әлемге әйгілі қалаға айналды. Астананың алғашқы тұрғыны болу бақыты бұйырмаса да, күн сайын аралай жүріп көшелерінің көркею тарихына куәгер болу бақыты бұйырыпты. Сол өткен сәттерді ойласам, сабағынан босай сала қас қарайғанша табанынан таусылып маған жұмыс іздесетін, ол табылмағасын қарадай қажып, «Төке, мұншама қырсық, мұншама жолың ауыр болар ма еді?!» деп менен де төмен басы салбырап кететін Дихан есіме түседі.

Сонау 83-тің күзінде алғаш біз танысқан кездегі он жетідегі жұқалтаң сары бала – бозбала Дихан биылғы мешін жылы ел ағасы – елу деген елеулі жасқа ер салғалы отыр. Елімізге белгілі алаштанушы, абзал ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор. ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті. Халықаралық Айтматов академиясының академигі. «Құрмет» орденінің иегері. Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры. Бірнеше монография мен оқу құралының, жүздеген өткір ойлы танымдық мақалалардың авторы. Диханның ғалымдық, ұстаздық, азаматтық, қайраткерлік сан алуан қырын айтып тауысу қиын. Оның бәрін мүйізі қарағайдай ғалымдар таратып айта жатар, ол біздің миссиямызға кірмейді. Мен үшін ел ағасы атанған Дихан дос – сол баяғы студент кездегі күрек тістері ақсиган ақсары бала секілденеді де тұрады...

Суретте: 1983 жыл, 1-курста Диханмен бірге

Тәшенов Төреғали